

сезімдерін тіке көрсететін халық. Олай дейтініміз, тематикалық талдауда ұрысқа, ренішке, бата, қарғысқа, өлімге, салт-дәстүрге байланысты фразеологизмдер өте көп. Негізі, жағымды да жағымсыз да болып келуін атап өту керек. Бұл біздің халқымыздың, тіліміздің ерекшелігі және байлығы деп ойлаймыз.

Қорыта айтқанда, түс адамның қоршаған әлемді қабылдауында маңызды рөл атқарады. Айналадағы дүниені, табиғатты түспен көру адам табиғаты, жаңа заттарды жасау арқылы оларға пішін беріп қана қоймай, оларға түрлі-түсті сапалар береді. Түсті белгілеу компоненті бар фразеологизмдер халықтың орасан зор рухани байлығына тікелей жол ашады, халықтың ойлау, діл, ұлттық мінез ерекшеліктерін көрсетеді және мәдениетаралық қарым-қатынас процесінде адамдардың өзара түсінісуінің аса маңызды құралы болып табылады. Өмірлік маңызды ұғымдарды білдіретін түсті белгілеу көптеген фразеологиялық айналымдардың негізгі құрамдас бөлігі болып табылады, олар кеңінен қолданылады және көп мағыналы. Семантикалық табиғаты бойынша олар фразеологиялық бірліктерге эмоционалды-экспрессивті қасиет пен образдылық әкеледі. Түс сол сияқты халықтың тарихынан бастау алатын маңызды мағыналық жүкті көтереді, ал түсті қабылдау табиғатында жеке мәдениеттерде ұқсастықтар да, айырмашылықтар да бар. Демек, түс семантикасы түстердің өзара әрекеттесу принципі бойынша адамдарды біріктіретін әмбебап мәдени сипаттама болып табылады. Сондықтан түстік белгілер компоненті бар фразеологиялық бірліктер шет тіліндегі оқу процесінің құрамдас бөлігі болуы керек, өйткені олар студенттердің сөздік қорын байытуға, экспрессивті формасы арқылы хабардың мазмұнын жоғары дәрежеде эмоционалды бояумен жеткізуге мүмкіндік береді, олардың сөйлеу белсенділігіне ықпал етеді. Фразеологиялық бірліктерді оқу-тәрбие үрдісінде қолдану шет тілі мұғаліміне практикалық, жалпы тәрбиелік, дамытушылық және тәрбиелік міндеттерді тиімді шешуге көмектеседі. Мұндай материалды оқу процесіне енгізу студенттердің ой-өрісін кеңейтуге, олардың шет тілдік қарым-қатынас дағдыларын жетілдіруге, сондай-ақ оларды оқытылатын тіл елінің мәдениетімен таныстыруға қосымша мүмкіндіктер жасайды. Ағылшын тілі фразеологизмінің ірі маманы Александр Владимирович Куниннің «Фразеология – тіл қазынасы» деген пікірі осының дәлелі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қайдаров Ә. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. – Алматы: Ана тілі, 1992, 139 б.
2. Қайдаров Ә. Сырға толы түр мен түс. – Алматы: Ана тілі, 1986. 89 б.
3. Ахметова А. Жүмекен Нәжімеденов поэзиясындағы «түстер» сыры // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. №5-6. 2012. 141-145 б.
4. Копжасарова, У. И., Шипицына А.Ю. Семантические особенности цветообозначений во фразеологизмах английского и русского языков // Серия Филология. 2014. 18-19 б.
5. Қаймова Б.Қ. Түс компонентті фразеологиялық бірліктің этномәдени ерекшеліктері. –Алматы, 2015. 361 б.
6. Айтқазы С. Ағылшын мәдениетіндегі «red» (қызыл) түсінің ұлттық-мәдени сипаты // ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. №2(55). 2011. 46-47 б.

УДК 314.7:304.2

ҰЛЫБРИТАНИЯДА ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА

Марданманова Әмина Мақсатқызы

Әлемде ағылшын тілін қолданушылар қатары жыл санап артып келетіні сөзсіз. Осы бір «ғаламдық тілдің» өрісі ағылшындар арқылы ғана емес, өзге ұлттардың да меңгеруі нәтижесінде кеңейді.

Ал қазақ тіліне сүйенсек, оны қандай шетелдік үйренуге ниетті болуы мүмкін? Олар – елшілер, инвесторлар, туристер, ғалымдар, миссионерлер. Егер осы қатардағы мамандарға қазақшаны жеңіл үйрете алсақ, онда қазақ тілі экономика, туризм, ғылым, мәдениеттің тіліне айналып шыға келмей ме? Бірақ ағылшын тілінде сөйлейтін мемлекеттермен салыстырғанда, елімізде қазақ тілін үйрететін жүйе әлі дамымаған. Дегенмен, шетелде тұратын қандастарымыз өз ана тілін дамытуға үлесін қосуда.

Қазақстан Республикасынан шет аймақтарда тұратын қазақтар да аз емес. Оларды екі категорияға бөлуге болады – шетелге кетуге мәжбүр болғандар және жұмыс оқумен немесе өз еркімен кеткендер. Бірақ көбі қайғылы оқиғалардан кейін басқа елде қалуға мәжбүр болды. Қазақтардың Қазақстаннан тыс жерлерге қоныс аударуы ХІХ-ХХ ғасырлар шебінде жиі орын алды. 1920-30 жылдардағы күштеп ұжымдастыру және ашаршылық кезінде көптеген казак отбасылары шетелге кетуге мәжбүр болды. Ол кезде қазақ даласын Ресейдің еуропалық бөлігінен қоныс аударып келген шаруалар арқылы отарлау жаппай жүріп жатты. Қазақтардың ең жақсы, құнарлы да шұрайлы жерлерін күшпен тартып алу жалғаса берді. Міне, мұндай жағдайда қазақтардың өздерінің ежелден отырған, дәстүрлі көшіп-қонып жүрген жерлерін лажсыздан тастап, қайдағы бір құнарсыз, сусыз жерлерге қоныс аударудан өзге амалы қалмады.

Егер архивтерге сүйенсек, қазақ диаспорасы сыртқы шекараларды кесіп өтіп, бірінші Қазақстаннан Қытайға, Орталық Азия мемлекеттеріне, Моңғолияға, Ауғанстан мен Иранға, одан бүкіл дүние жүзіне таралған. Жаңа заманда қазақ халқының бір бөлігі өздерінің тарихи отанынан тыс жерлерде тұрып жатты. Олар бір бөлігі ирредента, ал екінші бөлігі диаспора саналды. Ирредента деп өздерінің ежелгі атамекенінде дәстүрлі өмір сүріп отырған біртұтас халықтың бір бөлігін айтады. Алайда қазақтардың бірқатар жерлері шекаралардың өзгеруі, отаршыл басқыншылық сияқты оқиғалардың салдарынан басқа мемлекеттің құрамында болып шықты. Ал диаспоралар халықтың бір елден екінші елге қоныс аударып, өзге халықпен бірге тұруы болып табылды [1].

2010 жылғы Бүкілресейлік санақ мәліметтеріне сәйкес, Ресейдегі қазақтар саны (21 облыс және аймағы бойынша) 647 732 адамды құрайды (жалпы халық санының 0,65 пайызы). Басқа ақпараттар бойынша, қазақтар саны 800 мыңнан 1,5 млн. адамға дейін жетеді. Мәскеу және Мәскеулік аймақта 13 мың адам шамасында тіркелген. Қазақтар шоғырланған аймақтарына ҚР шекарлас: Астрахан (149 мың), Орынбор (78 мың), Саратов (76 мың), Волгоград (76 мың), Челябині (35 мың), Түмен (19 мың) кіреді. Саны бойынша қазақтар татар, башқұрт және чуваштардан кейінгі Ресейдегі төртінші түрік этносы, ал барлық этностар арасында оныншы болып табылады. Бірқатар аймақтарда қазақ тілі жеке пән ретінде оқытылатын ондаған мектеп бар [2].

Қытайдағы қазақ диаспорасының қалыптасуы ХVІІ ғасыр мен ХVІІІ ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ-жоңғар соғысына тікелей байланысты болды. Жоңғарлардың басқыншылық шабуылы барысында қазақтар Жетісу, Тарбағатай аймақтарындағы жайылымдарының айырылып қалды. ХІХ ғасырдың аяқ кезінде Қытайда 100 мыңға жуық қазақ тұрды. Бұдан кейінгі жылдардағы халықтың қоныс аудару үрдісі барысында ондағы қазақтардың саны арта түсті. Қазақтардың Қытай шекарасына үдере қоныс аударуының басты себебі патша үкіметінің жергілікті

халықтың қолындағы құнарлы жерлерін тартып алуы болды. Сонымен 1911 жылы Қытайдағы қазақтардың жалпы саны 225 мыңға дейін жетті. Ресейден Қытайға 1911 жылға дейін өткен қазақтардың барлығы да 1914 жылы Қытайдың қол астына өтіп, Қытай азаматтығын алды. Өзгелері ел аумағынан күштеп шығарылды. 1916 жылғы ұлтазаттық көтеріліс кезінде патша үкіметінің қудалауына төзе алмаған 300 мыңға жуық қазақ Қытайға өтіп кетті. Қытай қазақтарының көпшілігі Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданында тұрды. Олар 18 ғасырдан бастап ұйғырлар мен дүнгендермен бірге қалыптасқан байырғы халық. 1949 жылға дейін ШҰАР номиналды түрде Қытай билігінде болды ал оның халқы тәуелсіздік үшін Қытай үкіметімен үздіксіз күресті. Белгілі деректерге сүйенсек Қытай билігі ресми түрде жоққа шығарған. Ал қазақтар, ұйғырлар және басқа ұлт өкілдері түрмеде яғни қайта тәрбиелеу лагерлерінде болды.

Ресми санақ деректер бойынша 2010 жылы Қытайдағы қазақтардың саны 1 462 588 халық саны болған [3].

Қытай қазақтары өз ана тілін жақсы білді. 19 ғасырдың екінші жартысында Шыңжаң қазақтарының әдебиеті қалыптаса бастады. 1930 жылдары Шыңжаңда қазақ тілінде алғашқы газет-журналдар шыға бастады. 1954 жылы ҚХР-да «Шыңжаң халық баспасы» ашылып, басқалармен қатар қазақ ақын-жазушыларының шығармаларын басып шығарды. Кейін Бейжіңде Ұлттық баспаның қазақ бөлімшесі пайда болды [4]. Сонымен қатар Шыңжаңда қазақ тілді радио-телеарналар жұмыс істеп, газеттер шығарып, әлеуметтік желі жақсы дамыды.

Моңғолияда да қазақтар жоқтың қасы. 2010 жылы халық санағының қорытындысы бойынша Моңғолиядағы қазақтардың саны 101526 адамды құрады. Олардың көпшілігі бұл аумаққа 19 ғасырдың 60-70-жылдары Шыңжаңнан келген. Қоныс аударудың негізгі себептері Қытайдағы тайпин (1850-1864) және дүнген (1862-1878) көтерілістеріне тікелей байланысты болды [5]. Моңғолиядағы қазақтар да өз тілін жақсы білген. Бұл елде қазақ мектептері де бар. Келесі ірі диаспораның бірі ол Түркиядағы қазақтар. Ол Қытай билігі түркі халықтарының көтерілістерінен кейін Шыңжаң өлкесінен көшіп кетті. Шығыс Түркістан қазақтарымен бірге құрылды. Бастапқыда антисоветтік қазақтар Үндістанға, Тибетке, Пәкістанға қоныс аударғанымен, жергілікті биліктің қудалауына, дұшпандығына тап болғаннан кейін 1950 жылдың басында Үндістандағы қазақ ақсақалдар кеңесі Түркияға көшу туралы шешім қабылдады. 1952 жылы Түркияның үкіметі бірнеше мың босқын қазақтарды қоныстандыруға ресми рұқсат берді [6].

АҚШ пен Батыс Еуропа елдеріндегі қазақ диаспорасы 20 ғасырдың 2-жартысында оқуға және «еңбек» көші-қоны бойынша қалыптасқан. Олар, Түркия мен Қытайдан келген иммигранттар, сондай-ақ фашистік лагерьлерден босатылған бұрынғы кеңестік әскери тұтқындар болды [6].

«Америка этникалық топтарының Гарвард Энциклопедиясына» сәйкес 1960-жылдары АҚШ-та 20 шақты қазақ отбасы болған. Бұл 20 отбасының 13-і осы елге 1960-жылдардың ортасында көшіп келіп, Нью-Йорк, Вашингтон (Колумбия округі) метрополиінде және Калифорния штатында қоныстанған бұрынғы вермахт тұтқындарының отбасы. Қазіргі таңда АҚШтағы қазақтардың саны 40000 жуық [7]. Бұл қазақ эмиграциясының үшінші толқынның өкілі, тәуелсіздік кезеңінен кейін келгендер деп санаған. Америкада да бірнеше қазақ мәдени қоғамдар бар. Олар, Kazakh American Association, яғни Америкадағы қазақтардың ассоциациясы [8].

1996 жылы Индиана университетінің (Блумингтон) жанынан Қазақ студенттік ассоциациясы құрылды, ол жыл сайын Наурызды тойлайды, қазақ халқының салт-дәстүрлерімен және әдет-ғұрыптарымен таныстырады, тақырыптық конференциялар өткізеді. АҚШ-тағы қазақ диаспорасы Қазақстан Республикасы қазақтарының АҚШ азаматтарымен жасалған этникааралық некелерінің, сондай-ақ америкалық өкіметтің

Қазақстанның көрнекті ғалымдары мен мамандарына осы елде тұрып, қызмет ету мүмкіндігін беруі арқасында өз қатарларын толықтырып отырады [9].

Ұлыбританияда қазақтар негізінен Лондон мен Редингте тұрады, бұл олардың кәсіби бағдарымен қызмет аясына байланысты. Ұлыбританиядағы қазақ диаспорасының өкілдерінің көпшілігі моноұлтты некені қалайды. Сондықтан, оларға этникалық түп тамырын жоғалтпау және балаларын қазақ тілі мен қазақ халқының мәдениетіне жақындастыру маңызды. Осы мақсатта 1992 жылы Ұлыбританиядағы қазақтар қоғам құруға шешім қабылдады, өйткені 1985 жылы бұл елге Түркия мен ҚХР қазақтары оқу және жұмыс істеу үшін көшіп келе бастады. Бұл қоғамның мақсаты Ұлыбританияда тұратын қазақтардың арасында бір-бірімен байланыс орнату, сондай-ақ этникалық Отаны – Қазақстанмен жан-жақты байланысты нығайту болды.

Германияда тұратын қазақтардың саны аз болғанымен, өскелең қазақ жастарының арасында мәдени-білім беру шараларын өткізу үшін Мюнхен мен Кельнде екі қазақ қоғамы ұйымдастырылған [10].

Қазіргі таңда шет елде қазақ тілін үйрететіндер мен үйренетіндердің саны артуда. Дегенмен, шетелде қазақ тілінің мәдениетін шыңдау бір бөлек. Айта кетейік, Ұлыбританияда жұмыс бойынша тұратын қазақстандық Әсел Молдағалиеваның қазақ тілі сыныбы бар. Негізі Англияға ағылшын тілінде еркін сөйлеп, білімін меңгеру үшін баратыны белгілі, ал қазір шетелде тұрып жатқан қандастардың туған тілді қайта үйренеміз деген ниеті барша жанға сүйіспеншілік тудырады. Ал Лондонда тұратын қандастарымызға қазақ тілін үйрету қаншалықты қиын екенін сұрастырдық.

– Мамандығым есепші болғанымен, мұғалімнің жұмысын бір кісідей білемін. Жұбайым дипломат болып жұмыс істейтіндіктен, оның жұмыс бабы бойынша Вашингтонға қоныс аудардық. Негізі туған қалам Павлодар. Шетелге көшіп келген қазақтарға қазақ тілі ұмыт болмау үшін маған идея туындады. Сондықтан бірден мектеп іздестірдім. Осында орналасқан А* Russian School мемлекеттік мектебінің директорымен кездесіп, өз идеямды ортаға салып, ұсыныс білдірдім. Ол кісі бірден қолдап, сенбі және жексенбі күндері мектеп кабинеттерін жалға беретін болып келісті. Сөйтіп, сабақ жүргізуді бастап кеттік. Мамандығым есепші болса да жанымдағы мұғалімдер өз тәжірибелеірмен бөлісті. Негізі балалар мен ересек адамдарды салыстырғанда тіл оқыту қиынға соқпады. Оқушыларға сабақтың форматын қызықты өткізу үшін арнайы ойындар ұйымдастырамыз. Қазір сыныпта көбі қазақтар оқиды, ал өзге ұлттан екі ағылшын азаматшылары онлайн форматта сабақ өтеді. Қазақстанмен Британияның айырмашылығына тоқтала кетсем, ол менталитет бөлек екенін байқауға болады. Британия халқының ерекшелігі – бұл жерде жоспарсыз жүрмейді. Мысалы, кездесу немесе тағы бір іс-шаралар болса оны 1-2 ай бұрын жоспарға енгізу керек екен.

«Кең болсаң, кем болмайсың деп бекер айтылмаған. Себебі қазіргі таңда шетел қазақтарын қолдау және біріктіру жобалары бар. Олардың бірі, «Отандастар» қоры да өз үлесін қосты. Ол **2017 жылы маусым айының 22-25-күндері Астанада өткен Дүниежүзі қазақтарының V құрылтайында Елбасы «Отандастар» қорын құрып, осы қор арқылы Дүниежүзі қазақтары қауымдастығына шетелдегі ағайынмен байланыс жасауды міндеттеген еді. Дәл бір жылдан кейін, яғни 2018 жылы маусым айында «Отандастар қоры» КЕАҚ-ның (Коммерциялық емес акционерлік қоғамы) жұмысын бастады.**

Қазақстан Республикасының Үкіметінің Қаулысында аталмыш «Отандастар қоры» КЕАҚ «Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының қызметін қамтамасыз ету негізгі нысанасы болып айқындалсын», - деп арнайы атап көрсетті.

«Отандастар қоры» КЕАҚ-ның құрылуына байланысты Қауымдастықтың жұмысын қазіргіден күшейтіп, жаңа деңгейге көтеруге үлкен мүмкіндік туады деп сендік. Өйткені Дүниежүзі Қазақтары Қауымдастығының қаржы мәселесінің дұрыс

шешілмеуінен болып кезінде көп қиындыққа душар болды. «Отандастар қоры» өзінің арнайы жасалған жол картасы арқылы әрбір қала, облыс әкімшіліктерімен Мәмілеге (меморандум) отыруда. Мәміленің мақсаты шетелдегі және елімізге қоныс аударған этникалық қазақтарға қолдау көрсету екен. Жуырда сондай мәмілелердің бірі- «Отандастар қоры» КЕАҚ-ның өкілдері мен Павлодар облысы әкімшілігі арасында жасалды. Осы ресми іс-шараға куә ретінде көңілге келген аздаған ойларды ортаға салуды жөн көрдім.

Қордың басты мақсаты мен міндеті Дүниежүзі қазақтары қауымдастығымен бірлесіп тарихи отанынан тыс жерде өмір сүріп жатқан қандастарды елге көшіріп әкелу, оларға жөн сілтеп, тұрмыс-тіршілігін ондап, кәсіппен айналысуына, жұмысқа орналасуына және ортаға бейімделіп, баспаналы болуына жағдай жасау болмақ [11].

Қазақтың мәдени мұрасын ұстанған басым бағыттың бірі – дүние дүзіндегі қазақтардың мәдени мұрасын насихаттау. Осы бір ұстанымды ұстанған «Абай үйі» бар. Олар: қазақ иілі мен білім беру бағдарламаларын ілгерілету, ұлттық мәдени брендтерді ілгерілету, мәдени іс-шараларды өткізу, ағарту қызметі, «Отандастар» кітапханасы желісін құру жұмысы атқаруда. Аталған біртұтас орталық арқылы қазақтың мәдени мұрасын көпшілікке тарату, сондай-ақ этникалық қазақтармен мәдени-гуманитарлық, білім беру жұмыстары бойынша негізгі блок қамтылатын болады. «Абай» мәдени орталығы дүниежүзі бойынша ақпараттық жұмыстар жүргізеді [12].

Айта кету керек, жақында Пенсильвания штатының Филадельфия қаласында тұңғыш қазақ мектебі ашылды. Мектепте оқушылар 6 жастан 16 жасқа дейін қазақ тілін және қазақ дәстүрін үйренеді. Сонымен қатар оқушыларға домбыра тартып үйретпек. АҚШ-та Қазақстаннан келген иммигранттар мектебін Қазақ-Америка қоғамдастығының президенті Жұлдызай Исмаилова құрды.

Қай елде жүрсе де ең басты қазақ мәдениетін дәріптеп, дамытып, көркейтіп жүрген жастар қаншама. Егер бірін-бірі қолдаса болашақта Қазақстанды ең үздік туристер келетін ел деп танытуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. — Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. — 344 б.
2. Ресейдегі қазақтар: тарихи очерктер // [электрондық ресурс] https://kazembassy.ru/kaz/diaspora/kazahi_v_rossii/
3. Этнический состав населения КНР (қыт.) // [электрондық ресурс] www.stats.gov.cn Алдыртқан күні: 8 сәуір 2015 ж.
4. Казахская литература и искусство Китая // Казахстан. Национальная энциклопедия. — Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2005. — Т. III.
5. Қабылдинов З.Е., Қайыпбаева А.Т. Қазақстан тарихы (XVIII ғасыр — 1914 жыл). Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. — Алматы: Атамұра, 2008. — 352 б.
6. Казахская диаспора // Казахстан. Национальная энциклопедия. — Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2005. — Т. III.
7. АҚШ-тағы қазақтар // [электрондық ресурс] <https://kk.wikipedia.org/wiki>
8. Казахская диаспора США: традиции и перспективы // [электрондық ресурс] <https://www.golosameriki.com/a/kazakh-diaspora-interview-2010-04-19-91534974/251441.html>
9. Шетелдердегі қазақтар. // [электрондық ресурс] <https://e-history.kz/media/scorm/329/399/text/text.htm>

10. Оралмандардың «Отандастар» қорының жиыны орысша өтті. // [электрондық ресурс] <http://madenportal.kz/article/2619>

11. «Абай үйі» ашылды // [электрондық ресурс] <https://aikyn.kz/84611/abay-uyi-ashyldy/>

УДК 8.81.327

ВЛИЯНИЕ ФРАНЦУЗСКОГО ЯЗЫКА В СТРАНАХ ФРАНКОГОВОРЯЩЕЙ АФРИКИ

Махамбетов Жанболат Ерболатұлы

jambo_2002@inbox.ru

Студент 3 курса кафедры международных отношений

ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Научный руководитель – К.О. Ергалиева

Французский язык в Африке является одним из самых распространенных языков, это связано с влиянием метрополии из Парижа на свои страны колонии. Французский язык в Африке служит инструментом для трех вещей: как язык администрации, как язык межнационального общения, как язык для влияния бывшей метрополии. Французский язык использовался для администрирования колонии, так как это был язык “хозяев”, в колонии у него был привилегированный статус. Вся франко-Африканская элита говорила именно на французском, так как учились они в французских университетах и по возвращению в свои колонии использовали именно этот язык для привлечения франкоговорящего окружения. С появлением начальных школ все дисциплины преподавались именно на французском. Стоит отметить, что Африканские культуры были очень обширны и у каждого был свой язык или свой диалект, именно поэтому французский и стал языком для межнационального общения внутри разделенной Африки. Благодаря этим факторам французский язык так сильно укрепился в бывших колониях, что стал стержнем для создания организаций которые продвигали сотрудничество между франкоговорящими странами. Чтобы сохранить связи с бывшей метрополией, лидеры стран франкоговорящей Африки предлагали свои проекты. Леопольд Сенгор заявлял, что “На развалинах колониализма мы нашли этот удивительный инструмент - французский язык”. Бывшие колонии были более заинтересованы в создании международной организации “Франкофония”, чем Париж, так как это дало бы толчок к более стабильной экономике в условиях постколониального хаоса [1].

В Африке в силу разделения целых народов из-за колониальной политики, в странах было гигантское разнообразие этносов культур, только в небольшом Кот-д’Ивуаре насчитывается 70 языков, в Камеруне около 100 [2]. Поэтому перед местным правительствам стала большая задача: выбрать официальный язык так чтобы он не ущемил местные племена или этнические группы. Выбор французского языка как “langue seconde” обуславливается тем, что это был язык понимающий большинство этнических групп в стране, интеллигенции а также политическая элита стран говорила на этом языке, в образовательной сфере он имел очень большое распространение; именно поэтому был выбран французский в качестве одного из официальных языков. Стоит отметить что это не значит что Бурунди не развивали Кирунди и был только один язык, наоборот, многие страны после получения независимости пытались как можно скорее избавиться от французского, но в силу вышеизложенных факторов у кого-то это происходило быстрее, у кого-то медленнее.